

**«АҚЫЛ-ОЙЫ ЖӘНЕ ДЕНЕ БІТІМІ ДАМУЫНЫҢ БҰЗЫЛУЛАРЫ БАР
БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ
ЖӘНЕ КӘСІБИ-ЕҢБЕКПЕН ОҢАЛТУ ОРТАЛАҒЫ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен оңалту орталықтарының
арнайы педагогтері, психологтары мен логопедтеріне арналған

**ДАМУЫНДА АУЫТҚУЫ БАР БАЛАЛАРҒА ЕРТЕ ЖӘРДЕМ БЕРУ:
ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ КЕШЕНДІ ҚОЛДАУДЫҢ
НЫСАНДАРЫ, ӘДІСТЕРІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**

**педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының
білім беру бағдарламасы**

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	3
2. Глоссарий.....	4
3. Бағдарламаның тақырыбы.....	6
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері	7
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....	9
6. Оқу процесін ұйымдастыру	15
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	15
8. Бағдарлама нәтижелерін бағалау	16
9. Курстан кейінгі сүйемелдеу	17
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	18

1. Жалпы ережелер

1. «Дамуында ауытқуы бар балаларға ерте жәрдем беру: ерте жастағы балаларды кешенді қолдаудың нысандары, әдістері мен технологиялары» педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) ерте жастағы балаларға ерте психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік көмек көрсететін әртүрлі бейіндегі мамандардың: арнайы педагогтердің, психологтардың, логопедтердің, емдік және бейімделген дене шынықтыру педагогтерінің, әлеуметтік педагогтердің, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері (бұдан әрі – ППТК) мен оңалту орталықтарының (бұдан әрі – ОО) әдіскерлерінің оқу мазмұнын айқындайды.

2. Әлем елдерінің көпшілігі дамуында ауытқулары бар балаларға көмек ұйымдастыру кезінде бала дамуындағы ауытқуларды ерте анықтау және ерте араласу бағдарламаларына басымдық береді. Ерте араласудың неғұрлым жүйелі және заңнамалық тұрғыдан ресімделген бағдарламалары (Ерте араласу туралы заңдар) АҚШ, Германия, Австралия, Ұлыбритания, Франция, Финляндия, Ресей және т.б. елдерде бар. Қазіргі уақытта денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау салаларындағы ерте араласу жүйелері әлемнің көптеген елдерінде жұмыс істейді.

Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте көмек көрсетудің мемлекеттік жүйесі жұмыс істейді. Бұл жүйе скринингті, пәнаралық диагностиканы, медициналық-педагогикалық және әлеуметтік көмекті қамтиды. Қазақстан Республикасының «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау көрсету туралы» Заңына сәйкес балаларға кешенді қолдау бала туған сәттен бастап жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №59 бұйрығына сәйкес психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар (ПМПК) туғаннан бастап 18 жасқа дейінгі балаларға психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру жүргізеді, ал психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен оңалту орталықтары психофизикалық дамуында бұзылыстары бар балаларға туғаннан бастап 18 жасқа дейін кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы № 117 «Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандартын бекіту туралы» бұйрығында ерте педагогикалық көмек – баланың дамуындағы бұзылыстарды ерте анықтау деп анықтама берілген.

Психологиялық-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын өткізудің өзектілігі мен қажеттілігі халықаралық ғылыми-педагогикалық қоғамдастығының бала дамуының ауытқуларына ерте араласу, мүмкіндігі шектеулі, оның ішінде мүгедектігі бар балаларды әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық оңалту мәселелерін шешудің ең тиімді әрі келешегі зор ретінде тануына негізделеді.

Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдерінде денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау салаларында ерте араласудың қолданыстағы жүйелері

бар. Қазақстанда да мүмкіндігі шектеулі балаларға скринингті, аралық диагностиканы, медициналық-педагогикалық және әлеуметтік көмекті қамтитын ерте жәрдем көрсетудің мемлекеттік жүйесі жұмыс істейді. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №59 бұйрығына сәйкес, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация туғаннан 18 жасқа дейінгі балаларға психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру жүргізеді, ал психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен оналту орталықтары психофизикалық дамуында ауытқулары бар туғаннан 18 жасқа дейінгі балаларға кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсетеді.

Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері (ППТК) және оналту орталықтары (ОО) мамандарының кәсіби қажеттіліктерін талдау, мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте қолдау бойынша курстарды оқуға деген жоғары қызығушылықты көрсетті – сауалнамаға қатысқан респонденттердің 96,8%-ы мұндай курстарды ұйымдастырудың қажеттігін атап өтті. Мамандар өздерінің кәсіби қызметі үшін келесі бағыттарды неғұрлым өзекті деп санайды:

- ерте жастағы балалармен жұмыс істеу стратегиялары мен технологиялары;

- балаларды дамыту жұмысына ата-аналардың қатысуы;

- ерте қолдауды ұйымдастырудағы командалық тәсіл;

Әзірленген курстардың білім беру бағдарламасы арнайы педагогтер мен психологтардың ерте жастағы балаларға көмек көрсетудегі кәсіби жұмысының сапасын арттыруға ықпал ететін болады.

3. Білім беру бағдарламасы арнайы педагогтердің, ППТК мен ОО психологтарының ерте жастағы балаларға көмек көрсетудегі кәсіби құзыреттілігін дамытуға, оларда мүмкіндігі шектеулі ерте жастағы балалардың түрлі санаттарымен психологиялық-педагогикалық жұмыс істеу біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

2. Глоссарий

Ұғым	Ұғымның анықтамасы
Инклюзивті білім беру (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы)	инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.
Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы)	тиісті деңгейдегі білім және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілігі бар адамдар (балалар)
Мүмкіндігі шектеулі бала	туа біткен, тұқым қуалайтын, жүре пайда болған аурулардың немесе белгіленген тәртіппен расталған жарақаттардың салдарына байланысты тіршілік

<p>(балалар) (Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық коррекциялық қолдау туралы» Заңы)</p>	<p>әрекеті шектелген дене және (немесе) психикалық бұзылыстары бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар)</p>
<p>Ерте араласу</p>	<p>ерте жастағы балалар мен олардың отбасыларына көмек көрсетудің тұтас жүйесін белгілеу үшін халықаралық қоғамдастықта қабылданған термин.</p>
<p>Балаларды және олардың отбасыларын ерте қолдау</p>	<p>бұл – ерте жастағы балалардың дамуындағы мәселелерді анықтауға, олардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін бағалауға, физикалық және психикалық дамуына ықпал етуге, олардың күнделікті өмірге араласуына, балаларды құрдастарының ортасына қосуға және оларды интеграциялауға бағытталған түрлі іс-шаралар мен технологиялар жүйесі, сондай-ақ нысаналы топтағы балалардың отбасын қолдауға бағдарланған іс-шаралар кешені</p>
<p>Өмірлік жағдай</p>	<p>бала уақытын өткізетін табиғи ортада орын алатын эпизод</p>
<p>Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы)</p>	<p>білім алу үшін қажетті арнайы шарттарды анықтау</p>
<p>Білім алу үшін арнайы жағдайлар (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы)</p>	<p>оқу бағдарламаларын, сондай-ақ арнайы, жеке-дамытушылық және түзету-дамытушылық бағдарламалар мен оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тіршілік ету ортасын, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді, медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтерді қамтитын, оларсыз ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын жағдайлар</p>
<p>Пәнаралық командалық және жеке бағалау (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31</p>	<p>ерекше білім беру қажеттіліктерін, түзету-дамыту бағдарламасының негізгі бағыттарын айқындау және арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімді әдістерін таңдау мақсатында баланың психофизикалық дамуын бағалау</p>

тамыздағы № 385 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 59 бұйрығының редакциясында).	
Ерте жастағы баламен және оның отбасымен жүргізілетін жеке және топтық жұмыстың арнайы бағдарламалары.	ерте жастағы балалар мен отбасына көмек көрсету үшін әзірленген психологиялық-педагогикалық технологияның принциптер, әдістер мен әдістемелер жүйесі.

Терминдердің өзектілігі олардың арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттардың соңғы өзгерістеріне сәйкестігіне негізделген.

3. Бағдарламаның тақырыбы

4. «Дамуында ауытқуы бар балаларға ерте жәрдем беру: ерте жастағы балаларды кешенді қолдаудың нысандары, әдістері мен технологиялары» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы балаларға және олардың отбасыларына ерте жәрдем көрсету қызметін ұсынатын мамандар үшін, білім беру жүйесінде баламасы жоқ бағдарлама болып табылады. Бағдарламаның жаңалығы – онда алғаш рет ерте балалық шақта араласудың халықаралық тәжірибесі негізінде ерте жастағы балаларға және олардың отбасыларына ерте қолдау көрсету тұжырымдамасы, сондай-ақ арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми-қолданбалы зерттеулері шеңберінде әзірленген нысаналы топтағы балаларды ерте қолдау технологиясы баяндалады.

Бағдарламада әлемдік трендтерге сәйкес мүмкіндігі шектеулі ерте жастағы балалармен жұмыс істеудің заманауи тәсілдері мен инновациялық технологиялары көрініс тапқан: жеке даму бағдарламаларын, Канадалық қызметтің тиімділігін бағалауды, бағалау процедураларын және жеке көмек бағдарламаларын жоспарлауды әзірлеу үшін жұмыс істеу, тіршілік қарекеті мен денсаулықтың шектелуінің халықаралық жіктелімін (МКФ) пайдалану.

Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасында алғаш рет ерте жастағы балаларды дамыта оқытудың арнайы бағдарламаларының, сондай-ақ ата-аналармен топтық жұмыс бағдарламаларының мазмұны ашылады. Бұл бағдарламалар алғаш рет әзірленіп, ҚР Білім және ғылым министрлігімен (2016-2022 жж.) психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен оналту орталықтарының практикасына енгізуге ұсынылған.

5. Бағдарлама келесі 14 тақырыпты қамтиды

1-тақырып. Инклюзивті және арнайы білім беру, ерте араласу саласындағы

халықаралық және отандық заңнамалық база. ППТК мен ОО қызметін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.

2-тақырып. Ерте көмек көрсету жүйесі. Ерте көмек көрсетудің мақсаты, міндеттері мен принциптері. Ерте жастағы балаларға көмек көрсетуді ұйымдастырудың заманауи тәсілдері. Ерте көмек көрсету қызметі.

3-тақырып. Ерте жастағы балаларға жан-жақты көмек көрсетуде жұмыс істеу қабілетінің, мүгедектік және денсаулықтың халықаралық классификациясын қолдану.

4-тақырып. Ерте көмек көрсетудегі командалық тәсіл: бағалау процедураларының нәтижелерін жоспарлау, өткізу және талқылау, көмек көрсету бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру. Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттеріндегі командалық жұмыстың ерекшеліктері.

5-тақырып. Ерте жастағы қалыпты және психикалық ауытқуы бар балалардың даму ерекшеліктері.

6-тақырып. Жеке дамыту бағдарламасы және ерте көмек көрсетудің жеке бағдарламасы. Ерте жастағы балаға көмек көрсету бағдарламаларын іске асыру стратегиялары.

7-тақырып. Ерте жастағы балалармен психологиялық-педагогикалық жұмыс істеу принциптері мен технологиясы.

8-тақырып. Ерте жастағы балалардың отбасыларына көмек пен қолдау көрсету. Ерте жастағы балаларды дамыта оқыту процесіне ата-аналарды тарту.

9-тақырып. Ерте жастағы балалармен топтық жұмысты ұйымдастыру. Балалармен және ата-аналармен жүргізілетін топтық жұмыс бағдарламалары.

10-тақырып. Есту қабілеті бұзылған балаларға ерте жастан көмек көрсету. Ерте жастағы есту қабілеті бұзылған балалармен жасалатын түзету-дамыту жұмыстарының әдіс-тәсілдері.

11-тақырып. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға ерте жастан көмек көрсету. Қимыл-қозғалыс бұзылыстары бар ерте жастағы балалармен түзету-дамыту жұмыстарының әдіс-тәсілдері.

12-тақырып. Қарым-қатынас және әлеуметтік әрекеттесу бұзылыстары (аутизм) бар балаларға ерте жастан көмек көрсету. Аутизмі бар ерте жастағы балалармен түзету-дамыту жұмыстарының әдіс-тәсілдері.

13-тақырып. Ауыр және көптеген бұзылыстары бар балаларға ерте жастан көмек көрсету. Түзету-дамыту жұмыстарының әдіс-тәсілдері.

14-тақырып. Мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте жастан көмек көрсетуге арналған заманауи технологиялар, жабдықтар, компенсаторлық және техникалық құралдар.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

6. Біліктілікті арттыру бағдарламасының мақсаты — психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен оңалту орталықтарының арнайы педагогтері мен психологтарының ерте жастағы балалар мен ата-аналарға түзету-дамыту көмегін көрсетудегі кәсіби құзыреттілігін дамыту.

7. Бағдарламаның міндеттері:

1) тыңдаушыларда Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерінің нормалары туралы білімдерін пайдалану және мүмкіндігі шектеулі ерте жастағы балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық көмек көрсету бойынша кәсіби қызметті ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру;

2) ерте араласуды ұйымдастырумен және ерте жастағы мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсетудің заманауи тәсілдерімен таныстыру;

3) ерте жастағы дамуында түрлі ауытқулары бар балалардың психикалық даму ерекшеліктерін ашу;

4) ерте араласу кезінде пайдалану үшін жұмыс істеу, мүгедектік және денсаулықтың халықаралық классификациясының құрылымы мен принциптерін зерттеу.

5) ерте жастағы балалардың дамуын пәнаралық командалық және жеке бағалау дағдыларын, сондай-ақ командалық бағалау негізінде жеке дамыту бағдарламасын құру дағдыларын қалыптастыру;

6) ата-аналарды баланы оқыту процесіне тарту және отбасына кәсіби деңгейде ерте көмек көрсету біліктілігін дамыту;

7) дамуында түрлі ауытқулары бар (интеллект, есту, ТҚА, аутизм, көптеген бұзылыстар) балаларға ерте көмек көрсетудің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту;

8) ерте жастағы балаларға ерте көмек көрсетуге арналған заманауи технологиялармен, жабдықтармен, компенсаторлық және техникалық құралдармен таныстыру.

8. Оқудың күтілетін нәтижелері. Тыңдаушылар:

1) мүмкіндігі шектеулі ерте жастағы балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық көмек көрсету бойынша өз қызметін ұйымдастыру тәсілдеріне нормативтік-құқықтық негіздеме бере алады;

2) ерте араласу жүйесімен және ерте жастағы мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсетудің заманауи тәсілдерімен танысады;

3) ерте жастағы дамуында түрлі ауытқулары бар балалардың психикалық даму ерекшеліктерін біледі;

4) ерте жастағы балалардың даму мәселелерін бағалау және бала мен оның отбасын абилитациялау бағдарламаларын құру үшін жұмыс істеу, тіршілік қарекеті мен денсаулықтың шектелуінің халықаралық жіктелімін (МКФ) қолданады;

5) балалардың дамуы мен қажеттіліктерін пәнаралық және жеке бағалау, сондай-ақ жеке дамыту бағдарламасын құру дағдыларын меңгереді;

6) ата-аналарды баланы оқыту процесіне тарта алады және нысаналы топтағы балаларға кәсіби деңгейде ерте қолдау көрсете біледі;

7) психикалық дамуында түрлі ауытқулары бар ерте жастағы балаларға кәсіби деңгейде арнайы психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуге қабілетті;

8) ерте балалық шақта мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсетуге арналған заманауи технологияларды, жабдықтарды, компенсаторлық және техникалық құралдарды біледі.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

9. Бағдарлама 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, мазмұндық, технологиялық, вариативті.

10. Нормативтік-құқықтық модуль.

1-тақырып. Инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база: «инклюзивті білім беру» ұғымын барынша әділ, кемсітушілік сипаты жоқ қоғамның негізі ретінде заманауи түрде түсіндіру. Инклюзивті білім берудің халықаралық құқықтық негіздері: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (БҰҰ, 1948); БҰҰ-ның «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» Конвенциясы, 1960; БҰҰ-ның «Бала құқықтары туралы» Конвенциясы, 1989; «Ақыл-есі кем тұлғалардың құқықтары туралы» декларация (1971), БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқықтары туралы» декларациясы (1975). Отандық нормативтік-құқықтық негіз: ҚР Конституциясы, ҚР Заңдары: «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (Оқу-ағарту министрлігінің) келесі қағидаларды бекіту туралы бұйрықтары: Жалпы білім беретін, арнайы ұйымдардың, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен оңалту орталықтары қызметінің үлгілік қағидалары (№385, 2025 жылғы №59 бұйрықтың редакциясында); «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары (№223, 2025 жылғы №33 редакциясында); Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары (2025 жылғы № 104 бұйрықтың редакциясында).

11. Психологиялық-педагогикалық модуль.

5-тақырып. Балалардың ерте балалық шақтағы психикалық даму ерекшеліктері. Сәбилік және ерте балалық шақтағы сенсорлық, қимыл-қозғалыс, психикалық, сөйлеу және әлеуметтік-коммуникативтік даму ерекшеліктері. Интеллектісі, есту қабілеті, тірек-қимыл аппараты бұзылған, аутизмі, ауыр және көптеген бұзылыстары бар балалардың сенсорлық, қимыл-қозғалыс, ақыл-ой, сөйлеу және әлеуметтік-коммуникативтік даму ерекшелігі; заттық және ойын әрекетінің, сондай-ақ әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларының қалыптасуы.

12. Мазмұндық модуль.

2-тақырып. Шет елдердегі және Қазақстандағы ерте араласу жүйесі. АҚШ, Еуроодақ елдері, Ресей және басқа да ТМД елдеріндегі ерте араласу жүйелері. Қазақстандық ерте араласу жүйесі: денсаулық сақтау ұйымдарындағы психофизикалық даму бұзылыстарының скринингі; даму мәселелерін, көмек пен қызметтерге қажеттіліктерді бағалау мақсатында психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардағы кешенді тексеру; психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен оңалту орталықтарында балаға ерте психологиялық-педагогикалық көмек көрсету және ата-аналарды қолдау; әлеуметтік қорғау органдары мен ұйымдары тарапынан көрсетілетін әлеуметтік

көмек пен қолдау.

Ерте араласу терминдері мен ұғымдары. Абилитация – балада бастапқыда болмаған немесе бұзылған функцияларды дамыту. Ерте араласу қызметі – құрамында мамандардың пәнаралық командасы жұмыс істейтін, дамуында бұзылыстары бар ерте жастағы балалар мен олардың отбасыларына көмек көрсету үшін арнайы ұйымдастырылған қызмет. Пәнаралық команда – жұмысы серіктестік қарым-қатынасқа негізделген әртүрлі сала мамандарының тобы. Табиғи өмірлік жағдайлар (ТӨЖ) – кез келген ересек адамға тән, үйде, үйден тыс жерде және қоғамда жүйелі түрде қайталанатын өмірлік оқиғалар.

Ерте араласудың мақсаты, міндеттері мен принциптері. Ерте жастағы мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсетудің заманауи тәсілдері. Ерте араласу: 1) дамуында бұзылыстары бар немесе осындай бұзылыстардың пайда болу қаупі бар ерте жастағы балаларды дамытуға бағытталған түрлі іс-шаралар жүйесі; 2) ата-аналарды қолдауға бағытталған іс-шаралар, ол сонымен қатар балалардың дамуындағы проблемаларды анықтауды және олардың даму ерекшеліктерін бағалауды қамтиды;

Ерте араласудың міндеттері: 1) табиғи өмірлік жағдайдағы баланың жұмысын (функционирование) жақсарту; 2) отбасындағы баланың ата-анасымен және балаға тікелей күтім жасаушы басқа да тұлғалармен өзара қарым-қатынасының сапасын арттыру; 3) ата-аналардың және балаға тікелей күтім жасаушы басқа да тұлғалардың баланы дамыту және тәрбиелеу мәселелеріндегі құзыреттілігін арттыру; 4) баланы құрдастарының ортасына қосу, баланың және отбасының әлеуметтік байланысын кеңейту.

Балаға және оның отбасына көмек көрсетудің әлеуметтік моделі. Ерте араласу принциптері: баланың отбасында өмір сүруі; дамудағы ықтимал артта қалушылықты ерте анықтау және дер кезінде көмек көрсету; бұзылыстарды диагностикалауды және нақты бала мен оның отбасының қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне бағытталған жеке дамыту бағдарламаларын әзірлеуді жүзеге асыратын мамандардың пәнаралық командасы; ерте араласудың барлық кезеңдерінде (сұраныс пен баланың дамуын бағалаудан бастап, дамыту бағдарламасын әзірлеуге, оны іске асыруға және оның тиімділігін бағалап, оған өзгерістер енгізуге дейін) ата-аналардың белсенді қатысуын көздейтін отбасына бағытталған тәсіл; бала мен отбасының күшті жақтарына, олардың мүмкіндіктері мен ресурстарына сүйену; дамыту бағдарламаларының коммуникативтік және әлеуметтік бағыттылығы (баланың дамуы қарым-қатынас пен отбасындағы және жақын әлеуметтік ортадағы қалыпты іс-әрекет түрлері арқылы жүруі тиіс); бала мен отбасы өмірін функционалдық және қалыпқа келтіру принципі: ерте араласу бағдарламалары баланың табиғи ортада дамуына бағытталған. Функционалдылық принцип жағдайларды ескеруді көздейді.

Ерте жәрдем беру жүйесіндегі мамандар жұмысының модельдері. Командалық тәсіл.

Командалық жұмысты ұйымдастырудың үш тәсілі: 1) мультидисциплинарлық тәсіл; 2) пәнаралық (междисциплинарлық) тәсіл; 3) трансдисциплинарлық тәсіл. Трансдисциплинарлық маманның анықтамасы мен функционалы.

3-тақырып. Ерте жастағы балаларға кешенді қолдау көрсету кезінде жұмыс істеу, тіршілік қарекеті мен денсаулықтың шектелуінің халықаралық жіктелімін (МКФ) қолдану.

Жұмыс істеу, тіршілік қарекеті мен денсаулықтың шектелуінің халықаралық жіктелімінің (МКФ) құрылымы мен принциптерінің сипаттамасы; психоәлеуметтік даму мәселелерін бағалау және ерте жастағы балалардың отбасыларына көмек көрсету бағдарламаларын құру үшін қолдану тәжірибесі. .

МКФ әлеуметтік жіктеме және денсаулықтың интерактивті моделі ретінде, жұмыс істеу, тіршілік қарекеті мен денсаулықтың шектелуінің мультидисциплинарлық бағалануы мен олардың жеке тұлғаның жұмыс істеуіне, оның белсенділігі мен қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларына қатысуына әсерін бағалау. Баланың әлеуметтік жұмыс істеуінің барлық дерлік ықтимал мәселелерін шешудегі МКФ-ның әмбебаптығы мен тиімділігі. МКФ-ның төрт өлшем арасындағы кешенді қатынастарды бағалауы: 1) денсаулық жағдайы: дене факторлары (дене функциялары мен құрылымы); 2) белсенділік (әрекет ету қабілеті); 3) қатысу (қоғамның бір бөлігі болу тәжірибесі); 4) контекстік факторлар — орта факторлары және тұлғалық факторлар. Қоршаған орта факторлары: физикалық және әлеуметтік жағдай (өнімдер мен технологиялар; табиғи орта, қолдау және өзара байланыстар, мемлекеттік қызметтер және т.б.). Тұлғалық факторлар — жеке тұлғаның жеке сипаттамалары (жынысы, жасы, әдеттері, тәрбиесі, білімі, тұлға және мінез типі, бейімділігі және т.б.).

Жіктеме құрылымы. МКФ-ның 2 бөлімі: 1-бөлім. Жұмыс істеу (функционирование) және тіршілік қарекетінің шектелуі: а) организмнің функциялары мен құрылымдары, ә) белсенділік пен қатысу. 2-бөлім. Контекст факторлары: а) қоршаған орта факторлары, ә) тұлғалық факторлар.

4-тақырып. Ерте көмек көрсетудің командалық тәсілі: бағалау процедураларының нәтижелерін жоспарлау, өткізу және талқылау, көмек беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру. Командалық жұмыстың ерекшелігі.

Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен оңалту орталықтарында ерте жастағы балалардың дамуын пәнаралық командалық және жеке бағалау. Баланың дамуын бағалаудағы командалық тәсіл: бағалау процедураларының нәтижелерін жоспарлау, өткізу және талқылау, көмек беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру. Ерте қолдау көрсету жүйесіндегі мамандар жұмысының модельдері: мультидисциплинарлық тәсіл, пәнаралық тәсіл, трансдисциплинарлық тәсіл. Жұмыс істеу, тіршілік қарекеті мен денсаулықтың шектелуінің халықаралық жіктелімі (МКФ) шеңберінде командалық бағалау жүргізу және басқа бағалау әдістерін пайдалану: қызметті орындаудың Канадалық бағалауы, «Сенсорлық профиль» сауалнамасы, қимыл-қозғалыс дағдыларын бағалау, баланы бақылау картасы.

Бағалау компоненттері: күнделікті өмірлік жағдайларда баланың жұмыс істеуін (функционирование) бағалау: дамуын тереңінен бағалау, денсаулық факторларын талдау, қоршаған орта факторларын талдау, тұлғалық факторлар (мотивация, мәдени контекст, отбасылық ұстанымдар). Бағалаудың тәртібі, мазмұны, қолданылатын құралдары. Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен оңалту орталықтарындағы командалық жұмыстың

ерекшеліктері.

Пәнаралық командалық бағалауды өткізу тәртібі мен кезеңдері: ата-аналармен алғашқы кездесу (әңгімелесу, сауалнама жүргізу); жеке бақылау және түзету-дамыту жұмысы бағдарламасының кезеңдеріне сәйкес даму деңгейін анықтау; басқа мамандардың қатысуымен командалық бағалауды ұйымдастыру және өткізу; балаға көрсетілетін көмек көлемі мен қызмет түрлері көрсетілген пәнаралық бағалаудың қорытындысы мен ұсыныстары.

6-тақырып. Жеке дамыту бағдарламасы және ерте араласудың жеке бағдарламасы. Ерте жастағы балаға ерте араласу бағдарламаларын іске асыру стратегиялары. Жеке дамыту бағдарламасы және ерте араласудың жеке бағдарламасы. Ерте араласу бағдарламаларын іске асыру стратегиялары. Ерте араласу бағдарламасын іске асырудың барлық кезеңдеріне ата-ананың қатысуы: бағдарламаға қатысу туралы шешім қабылдау; бағалау мен мониторингті қоса алғанда, бағдарламаны жоспарлау процесі; бағдарламаны іске асыру.

Ерте араласу жүйесінде командалық тәсіл негізінде жеке көмек бағдарламаларын құру. Баланың даму кезеңдеріне және отбасының қажеттіліктеріне сәйкес жеке бағдарламаның бағыттары мен мазмұнын анықтау.

7-тақырып. Ерте жастағы балалармен жүргізілетін психологиялық-педагогикалық жұмыстың принциптері мен технологиясы. 1) онтогенетикалық принцип – тексеру нәтижелерін талдау және дамыта оқытудың бағыттары мен мазмұнын анықтау кезінде баланың даму кезеңдерін жалпы бала дамуының заңдылықтары мен кезеңдеріне сәйкес ескеру; 2) жүйелілік принципі – бала тұлғасының тұтас дамуына, оның психикалық дамуындағы жалпы кенжелеуді (тотальділікті) де, біркелкі еместікті де еңсеруге немесе азайтуға бағытталған; 3) жеке және саралап оқыту (дифференциалды) тәсілі – баланың нақты ерекшеліктерін, даму және тәрбие жағдайларын негізге ала отырып, дамыту жұмысының мазмұнын, қарқынын және ұзақтығын жекешелендіру; 4) тұлғалық бағдар – балаға тек бұзылыстары бар нысан ретінде емес, өз қажеттіліктері мен мотивтері бар, сондай-ақ даму үшін мықты жақтары мен жеке ресурстары бар белсенді тұлға ретінде қарауды көздейді; 5) әлеуметтік-коммуникативтік бағдар – баламен өзара қарым-қатынасты жеңілдететін негізгі өмірлік дағдыларды қалыптастыруға және қалыптасқан дағдыларды күнделікті өмірде: ойын, әлеуметтік қарым-қатынас кезінде пайдалану қажеттілігіне бағытталу; б) трансдисциплинарлық тәсіл – отбасымен өзара қарым-қатынаста бүкіл «пәнаралық топтың» міндеттерін бойына жинақтаған және баламен де, оның отбасымен де жалғыз өзі жұмыс істейтін жетекші маман жүзеге асырады; 7) отбасыға бағытталған (отбасы-центристік) тәсіл – маманның баламен жұмысы ата-ананың қатысуымен және олардың белсенді атсалысуымен жүргізіледі.

Ерте жастағы балалармен дамыту сабақтарын өткізуге қойылатын талаптар: бала үшін үйреншікті әрі табиғи жағдайлар мен іс-әрекет түрлерін модельдеу; баланың жеке белсенділігін, мотивациясын және іс-әрекетке деген қызығушылығын ынталандыру; балаға эмоционалды қолдау көрсету, жұмыстың ойын түрлерін қолдану; әртүрлі дағдыларды өзара қарым-қатынас жасау арқылы дамыту; баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру.

Ерте жастағы балалармен жасалатын психологиялық-педагогикалық

жұмыс технологиясы. Баланы оқытудың жалпы алгоритмі: балаға эмоционалды түрде бейімделу; баланы бақылау және оның мінез-құлқына эмоционалды-сөздік сипаттама (комментарий) беру; баланың іс-әрекеттеріне қосылу (еліктеу), қызығушылығын ояту арқылы жаңа іс-әрекетті көрсету; бірлесіп орындауға тарту; көмектің әртүрлі шараларын көрсете отырып, дағдыға үйрету; дағдыны өз бетінше орындау.

8-тақырып. Ерте жастағы балалардың отбасыларына көмек пен қолдау көрсету. Ата-аналарды ерте жастағы балаларды дамыта оқыту процесіне тарту.

Отбасыларға көрсетілетін қызмет түрлері: 1) күнделікті өмірде бала мен отбасының жұмыс істеу қабілетін дамытуға жәрдемдесу; 2) баланың қарым-қатынасы мен сөйлеуін дамытуға жәрдемдесу; 3) баланың ұтқырлығын дамытуға жәрдемдесу; 4) баланың өзіне-өзі қызмет көрсету және тұрмыстық дағдыларын дамытуға жәрдемдесу; 5) баланың танымдық белсенділігін дамытуға жәрдемдесу; 6) баланың әлеуметтенуіне қолдау көрсету; 7) психологиялық кеңес беру.

Ата-аналарды балаларды дамыта оқытуға тарту. Ерте жастағы балалардың ата-аналарымен жұмыс істеу әдістері мен формалары: әңгімелесу, бақылау (бала мен отбасы мүшелері арасындағы өзара қарым-қатынас ерекшеліктері туралы мәліметтер алу үшін); сауалнама жүргізу; кеңес беру; ақпараттық жұмыстар (ақпараттық материалдар, брошюралар, кітапшалар, буклеттер); оқыту; психотерапиялық әдістер; жұмыстың топтық әдістері: ата-аналар топтары және балалар мен олардың ата-аналарына арналған бірлескен топтық сабақтар өткізу.

13. Технологиялық модуль.

9-тақырып. Ерте жастағы балалармен топтық жұмысты ұйымдастыру. Балалар мен ата-аналарға арналған топтық жұмыс бағдарламалары. Ерте жастағы балалармен және ата-аналармен жүргізілетін топтық жұмыс формалары, баланың отбасымен жұмыс істеудің және ата-аналарды баланы дамыту жұмысына тартудың ең тиімді формасы. Топтардың әртүрлі формалары: педагогикалық топ, әлеуметтену тобы, интеграция (кіріктіру) тобы. Топтардың салыстырмалы сипаттамасы. Топтық жұмыс бағдарламалары. Бағдарламаның теориялық-әдістемелік негіздері: мәдени-тарихи тұжырымдама (Л.С. Выготский); бауыр басу (привязанность) теориясы (Д. Айнсворт); сенсорлық интеграция теориясы (Дж. Айрис); адам психикасы мен қарым-қатынасының деңгейлік құрылымы тұжырымдамасы (Е.В. Максимова); баланың ерте дамуы туралы заманауи зерттеулер және психомоторлық дамуында ақаулары бар балаларды абилитациялаудың заманауи тәсілдері.

Баламен және ата-аналармен жұмыс істеудің негізгі мақсаттары. Топтық жұмыс бағдарламасының принциптері: бала мен оның отбасына көмек көрсету бағдарламаларын әзірлеу кезінде ата-ананың пікірін ескеру; жұмыс бағытын тек балаға емес, ана мен баланың өзара қарым-қатынасына (байланысына) шоғырландыру; бала мен отбасының мықты жақтарына, олардың мүмкіндіктері мен ресурстарына сүйену; жеке тұлғаға бағытталған; әлеуметтік және коммуникативтік бағытталған, қалыптасқан дағдыларды күнделікті өмірде-ойнағанда және қарым-қатынас жасаған кезде пайдалану қажеттілігі; бала дамуының кезеңдерін, жас ерекшелігіне сай қалыптасуының сензитивті

мерзімдерін ескеру.

Топтағы жұмысты ұйымдастыруға қойылатын шарттар мен талаптар: ойын кеңістігін қауіпсіз әрі психологиялық тұрғыдан жайлы ұйымдастыру және ойыншықтарды іріктеп алу; топтың барлық қатысушыларының өзара тиімді қатынасын қамтамасыз ету.

Топтық жұмыс бағдарламасының міндеттері: 1) коммуникацияны және өзара әлеуметтік қатынасты дамыту; 2) сенсомоторлық дамуды ынталандыру: бұған психофизикалық тонусты көтеру, вестибулярлық, проприоцептивті, тактильді (сипап сезу) түйсіктерді меңгеру, тепе-теңдік пен постуральды бақылауды қалыптастыру, еңбектеу және жүру дағдыларын дамыту, көру-моторлық үйлесімділік пен ұсақ моториканы («көз-қол» үйлесімділігі, сәйкестендіру және билатеральды әрекеттер) дамыту жөніндегі жұмыстар кіреді; 3) танымдық даму; 4) сөйлеуді дамыту; 5) әлеуметтік дағдылар мен түсініктерді қалыптастыру.

8-тақырып. Ерте жастағы психикалық дамуында кідірісі (зиятында бұзылыстары) бар балаларға көмек көрсету. Топтық және жеке жұмыс түрлері. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналаған арнайы түзету-дамыту жұмысының бағдарламасы. Зият бұзылыстары бар ерте жастағы балалармен жүргізілетін арнайы түзету-дамыту жұмыстарының әдіс-тәсілдері. Ата-аналарға баланы үй жағдайында дамытуға көмек көрсету мақсатында бағдарламалар әзірлеу.

10-тақырып. Ерте жастағы есту қабілеті бұзылған (кохлеарлық импланты бар) балаларға көмек көрсету. Топтық және жеке жұмыс түрлері. Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзету-дамыту жұмысының бағдарламасы. Есту қабілеті бұзылған ерте жастағы балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстарының әдіс-тәсілдері. Ата-аналарға баланы үй жағдайында дамытуға көмек көрсету мақсатында бағдарламалар әзірлеу.

11-тақырып. Тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылыстары балаларға ерте жастан көмек көрсету. Қимыл-қозғалысы бұзылған балаларға көмек көрсетуді ұйымдастырудың ерекшеліктері. ТҚА бар жас балалармен түзету және дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдері. Ата-аналарға баланы үй жағдайында дамытуға көмек көрсету мақсатында бағдарламалар әзірлеу.

12-тақырып. Ерте жастағы өзара және әлеуметтік қарым-қатынасында бұзылыстары (аутизм) бар балаларға көмек көрсету. Ерте жастағы аутист балалармен түзету және дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдері. Ата-аналарға баланы үй жағдайында дамытуға көмек көрсету мақсатында бағдарламалар әзірлеу.

13-тақырып. Ерте жастағы ауыр және бірнеше бұзылыстары бар балаларға көмек көрсету. Аутизмі бар балаларға көмек көрсетуді ұйымдастыру ерекшеліктері. Аутизммен ауыратын ерте жастағы балалармен түзету-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдері. Ата-аналарға баланы үй жағдайында дамытуға көмек көрсету мақсатында бағдарламалар әзірлеу.

14. Вариативтік модуль.

14-тақырып. Ерте жастағы тіршілік әрекеті шектеулі балаларға көмек көрсетуге арналған заманауи технологиялар, жабдықтар, компенсаторлық және

техникалық құралдар. Сенсорлық бөлмеде, жаттығу залында және сенсорлық интеграцияда (адаптивті дене шынықтыру); шарикті бассейнде жұмыс істеу көрсеткіштері мен тәсілдері, «Гросс», «Өрмекші» арнайы тренажерлер мен жабдықтарды, интерактивті жиынтықты, баламалы коммуникация құралдарын және т.б. пайдалану.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

15. Курстық оқытудың ұзақтығы Бағдарлама тақырыбына сәйкес 80 академиялық сағатты құрайды.

16. Оқыту дәстүрлі аудиториялық (күндізгі) немесе қашықтан (онлайн), аралас оқыту форматында жүзеге асырылады. Аралас оқыту 2 кезеңде іске асады: қашықтан оқыту - 40 сағат, күндізгі оқыту - 40 сағат.

17. Білім беру үдерісі оқытудың әртүрлі формалары мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, өзіндік практикалық жұмыс (баланың дамуын, оның МКФ шеңберіндегі белсенділігі мен қатысуын бағалау, ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау, дамуында әртүрлі бұзылыстары бар балаларға арналған жеке дамыту бағдарламаларын құрастыру), топтық практикалық жұмыс (баланы педагогикалық тұрғыдан тексеру жүргізу), шеберлік сабағы және кейс-әдісі (жеке және шағын топтық дамыту сабақтарының жоспарларын әзірлеу, ата-аналарды дамыту үдерісіне тартудың әдістері мен формаларын айқындау), сондай-ақ ерте жастағы балаларға көмек көрсетудің өзекті мәселелері бойынша ұжымдық тренинг.

18. ПМПК педагогтарының Бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін арттыру мақсатында төмендегілер қарастырылған: әрбір дәрістен кейін өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтарға жауап беру түріндегі кері байланыс; әртүрлі санаттағы балаларды тексеру және олармен дамыту сабақтарын өткізу бойынша бейнематериалдарды көрсету; өзіндік практикалық жұмыстарды орындау нәтижелерін бірлесіп талқылау; топтық жұмысты кеңінен қолдану, кейін ұжымдық жұмыстарды таныстыру, талқылау және рефлексия жүргізу; педагогтардың командалық жұмыс дағдыларын дамытуға арналған тренинг.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

19. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету төмендегілерді қамтиды:

1) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;

2) тексеру нәтижелерін және пәнаралық командалық бағалауды талдауға арналған таратпа материалдар. Ерте жастағы әртүрлі даму бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзету-дамыту бағдарламасы негізінде жеке дамыту бағдарламасын құрастыру үдерісін көрсететін таратпа материалдар;

3) ППТК және ОО мамандарының қызметін ұйымдастыратын және олардың жұмыс мазмұнын ашатын құжаттама пакеті: ППТК түзету сабақтарының жоспары; психологиялық-педагогикалық қолдау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету шеңберіндегі көмек түрлері және олардың жұмыс мазмұнын ашатын: жеке-дамытушы бағдарламалар, түзету сабақтарының

басталуындағы баланың жағдайы (баланың мінездемесі), түзету-дамыту бағдарламаларының мазмұны: дамыту жұмысының бағыттары; дамыту жұмысының әдістері, әдістемелері, тәсілдері, құралдары.

4) ерте жастағы балаларға арналған жеке дамытушылық көмек бағдарламаларының үлгілері;

5) тыңдаушылармен кері байланыс парақтары, қорытынды бақылау және өзіндік жұмыс материалдары

8. Оқу нәтижелерін бағалау

20. Тыңдаушылардың дағдыларын қалыптастыруды және білімдерін бағалауды бақылау мақсатында: экспресс-сауалнамалар, өзіндік жұмыстар, қорытынды бақылау жұмыстары жүргізіледі. Өзіндік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, кері байланыс үшін сауалнама парақтары, тест тапсырмалары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі - ОӘК) енгізілген.

21. Білім алушылардың білімін бақылау және бағалау ағымдағы және қорытынды бағалау арқылы жүзеге асырылады.

Қалыптастырушы бағалау аралық бақылау жүргізу, сондай-ақ білім мен дағдыларды түзету үшін қолданылады. Ол әрбір тақырып бойынша негізгі сұрақтарға ауызша немесе жазбаша жауап беру (өзін-өзі тексеру тапсырмалары), сондай-ақ практикалық тапсырмаларды орындау. Тапсырмаларды орындау барысында тыңдаушыларға топтық нысанда және жеке сұраныстар бойынша кеңес беру қамтамасыз етіледі. Оқытушы тыңдаушылардың тапсырмаларды кестеге сәйкес орындауын бақылайды, тыңдаушы жұмысының сапасын жақсарту жолдарын көрсете отырып, толық кері байланыс береді.

Бағалау әрбір тақырып бойынша ашық сұрақтарға жауап беру түрінде жүргізіледі, бұл курста алынған ақпаратты түсінгенін және терминологияны дұрыс қолданылуын бақылауға мүмкіндік береді. Жетістіктерді бағалау үшін модульде оқытылатын әрбір тақырыпқа 2 сұрақтан келетін сұрақтар банкі әзірленген. Әр сұрақтың тексеруге және өзін-өзі тексеруге арналған жауап эталоны бар. Жауаптың дұрыстығы мен толықтығы бағаланады. Қате жауап – 0 балл, толық емес жауап – 1 балл, дұрыс және толық жауап – 2 балл деп бағаланады. Қорытынды бақылау жұмысы кемінде 20 балл (50%) жиналған жағдайда есептелді деп саналады.

Қорытынды бақылау жұмысының орындалуы келесі критерийлерге сәйкес бағаланады: іске асырылмады (дұрыс жауаптар ұсынылмаған), ішінара іске асырылды (дұрыс жауаптар 50%-дан кем), орташа деңгейден жоғары іске асырылды (дұрыс жауаптар 50%-дан 70%-ға дейін), толық іске асырылды (дұрыс жауаптар 70-100%). Қорытынды тестілеуден өту және біліктілікті арттыру курсы аяқтау үшін кемінде 70% дұрыс жауап жинау қажет. Қорытынды бақылау жұмысының нәтижелері негізінде курстан кейінгі сүйемелдеу кезеңіндегі консультациялардың мазмұны жоспарланады.

9. Курстан кейінгі қолдау

22. Тыңдаушыларды курстан кейінгі сүйемелдеу төмендегі түрде жүзеге асырылады:

- жеке, топтық консультациялар (оның ішінде бейнеконференция режимінде);
- мәтіндік және бейнематериалдарды пайдалана отырып, әдістемелік және нормативтік-құқықтық сүйемелдеу;
- әдістемелік тақырыптық семинарлар (оның ішінде вебинарлар);
- дөңгелек үстелдер.

23. Курстан кейінгі сүйемелдеу үш кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең – курсанттардың Zoom платформасы негізінде баланың психо-сөйлеу дамуының деңгейі мен ерекшеліктерін диагностикалау нәтижелерін талдау және талқылау мақсатында әдістемелік семинар және топтық консультация беру.

Екінші кезең – жалпы вебинар және балаға арналған жеке дамыту бағдарламасын құру нәтижелері бойынша Zoom және WhatsApp платформасына негізделген жеке консультациялар.

Үшінші кезең – жеке даму бағдарламасы бойынша дамытушылық оқыту нәтижелерін топтық талқылау түріндегі рефлексивті есеп және дөңгелек үстел. Ерте жастағы балаларға ерте қолдау көрсетудегі кәсіби құзыреттіліктердің дамуын талдау және бағалау.

10. Негізгі әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 1 қыркүйек 2022 жылғы "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауы.

2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.

3. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі): Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.

4. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319-III Заңы.

5. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы.

6. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы.

7. «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.

8.«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII Заңы.

9. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 59 бұйрығының редакциясында).

10. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандартын бекіту туралы» 21 мамыр 2025 жылғы № 117 бұйрығы.

11. Педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 98 бұйрығының редакциясында).

12. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары мен бағдарламаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 6 мамырдағы № 104 бұйрығының редакциясында).

13. «Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығы. «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына» 2-қосымша.

14. Сулейменова Р.А. Теоретические и социальные основы ранней коррекционной помощи детям с ограниченными возможностями. - Алматы,1999.

15. Нет «необучаемых детей: Книга о раннем вмешательстве /под ред. Е.В.Кожевниковой, Е.В.Клочковой. – СПб., 2007.

16. Служба раннего вмешательства: Методические рекомендации для практической работы с детьми в службе ранней помощи. 2-е издание, дополненное. / Л.В.Блохина, С.В. Калинина, Н.И. Морозова, Л.В. Самарина, Т.И. Сивухина, И.И. Торопова. – М.: Национальный фонд защиты детей от жестокого обращения.- 2010.

17. Ермолаева, Е. Е., Казьмин, А. М., Мухамедрахимов, Р. Ж., Самарина, Л. В. О ранней помощи детям и их семьям. - СПб Институт раннего вмешательства 2017.

18. Самарина Л. В. Служба раннего вмешательства: новая форма оказания помощи и поддержки детям раннего возраста и их семьям.” (методическое пособие - Системная модель ранней помощи). Санкт-Петербургский институт раннего вмешательства», 2019.

19. Мухамедрахимов Р. Ж. Научные основы ранней помощи детям младенческого и раннего возраста и их семьям. Вестник Санкт-Петербургского университета. Психология - 2024.

20. Международная классификация функционирования, ограничений жизнедеятельности и здоровья: МКФ, краткая версия. Всемирная Организация Здравоохранения 2001.

21. Система комплексной оценки проблем психосоциального развития детей раннего возраста: Методические рекомендации /сост. А.К.Ерсарина, Р.К. Айтжанова, А.К. Кенжеева, Д.Р.Юлдабаева, А.Н. Токарева. – Алматы 2016 (<http://special-edu.kz/>)

22. Балобанова В.П., Пасторова А.Ю. Групповая работа с детьми раннего возраста: Учебно-методическое пособие для специалистов, работающих с маленькими детьми. - СПб: ИРАВ, 1998.

23. Айрес Э.Дж. Ребенок и сенсорная интеграция. Понимание скрытых проблем развития. М.: Теревинф, 2009.

24. Шоплер Э., Ланзинд М., Ватерс Л. Поддержка аутичных и отстающих в развитии детей (0-6 лет). Сборник упражнений для специалистов и родителей по программе ТЕАССН. Пер. с англ. – Минск, 1997.

25. Фрост Л., Бонди Э. Система альтернативной коммуникации с помощью карточек (PECS). М.: Теревинф, 2012.

26. Социальная и коррекционно-педагогическая работа с детьми раннего возраста с задержкой психомоторного развития: методические рекомендации /сост. А.К.Ерсарина, Р.К., Т.Е.Мергалиева, Д.Р.Юлдабаева, А.Н. Токарева. – Алматы 2017.

27. Социально-педагогическая реабилитация детей раннего возраста после кохлеарной имплантации: методические рекомендации /сост. А.К. Ерсарина, Г.М. Шолпанкулова, А.К. Достай. – Алматы, 2018.

28. Оказание комплексной помощи семье ребенка с инвалидностью на принципах Международной классификации функционирования и ограничений жизнедеятельности и здоровья: метод. рекомендации/ Ерсарина А.К., Токарева А.С., Куттыбаева Ж.К. - Алматы: ННПЦ РСИО, 2021.

29. Организационно-методические основы междисциплинарной командной оценки и индивидуально-развивающих программ для детей с ограниченными возможностями/авт-сост. Ерсарина А.К., Джангельдинова З.Б. - Алматы: ННПЦ РСИО, 2022 [электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>].

30. Организационно-методические основы оказания помощи детям с двигательными и ментальными нарушениями/ Ерсарина А.К., Абдрахманова А.К., Токарева А.С. - Алматы: ННПЦ РСИО, 2024. [электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>].

31. Организационно-методические основы ранней поддержки детей с ограниченными возможностями: метод. рекомендации/ Ерсарина А.К., Достай А.К. - Алматы: ННПЦ РСИО, 2025.

Қосымша әдебиеттер тізімі

32. Сулейменова Р.А. Система ранней коррекционной помощи детям с ограниченными возможностями в Казахстане: проблемы создания и развития. – Алматы.: 2001.

33. Северные дети. Раннее вмешательство для детей и семей. Результаты проекта «Раннее вмешательство для семей» СПб, 2012.
34. П.Л. Жиянова. Семейно-центрированная модель ранней помощи. – М.: 2006.
35. Питерси, Р.Трилор, С.Кернс, Д.Ютер, Э.Бра. Маленькие Ступеньки. Программа ранней педагогической помощи детям с отклонениями в развитии. М.:1998.
36. Нэнси М., Джонсон-Мартин, Кеннет Г.Дженс, Сюзен М. Аттермиер, Юонни Дж.Хаккер. Программа «Каролина» СП. Институт раннего вмешательства: 2005.
37. Руководство по раннему обучению. Портредж, США СПб. 1992.
38. Т.П.Медведева, И.А.Панфилова, Е.В. Поле. Комплексное развитие детей с синдромом Дауна: групповые и индивидуальные занятия. Метод. пособие. - М.: Благотворительный фонд «Даунсайд Ап», 2004.
39. Специальная коррекционно-развивающая программа для детей с нарушениями интеллекта/. Ерсарина А.К., Юлдабаева Д.Р.– Алматы: ННПЦ РСИО, 2021.
40. Специальная программа коррекционно-развивающего обучения детей с нарушениями слуха (кохлеарным имплантом)/ Ерсарина А.К., Шолпанкулова Г.М – Алматы: ННПЦ РСИО, 2021.
41. Роджерс,С. Дж., Доусон, Дж., Висмара, Л.А. Денверская модель раннего вмешательства для детей с аутизмом: как в процессе повседневного взаимодействия научить ребенка играть, общаться и учиться.- Екатеринбург, 2016.
42. Тихомирова Л.Ф., Макеева Т.В. Профессиональные компетенции специалистов в работе с детьми с умеренной и тяжелой умственной отсталостью в инклюзивной образовательной среде. / Инновационные технологии российского и зарубежного образования: коллективная монография. Отв. ред. А.Ю. Нагорнова. – Ульяновск: Зебра, 2018.